

Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 703 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қаңтарда N 14-15-85 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Шардара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 3 шілдедегі N 03-1403 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Шардара ауданы әкімдігінің 2010.07.03 N 03-1403 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабының 5 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шардара ауданында тұратын Қазақстан Республикасының 1993 жылы туылған азаматтары 2009 жылғы қаңтар-наурыз аралығында аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен тіркеуден өткізілсін.

2. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу, есепке алу, олардың санын анықтау және ұйымдастыру үшін аудандық комиссия төмендегі құрамда құрылсын:

Қабылов Жумабек Наржанұлы	-Шардара аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы (келісімі бойынша);
Қарабеков Мейіржан Көпжанұлы	-аудан әкімі аппаратының жетекші маманы, комиссия төрағасының орынбасары;
Каттабеков Нұрлыбек Сырбекұлы	-Шардара аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісімі бойынша);
Азтаев Қайрат Саттарұлы	-Шардара аудандық орталық аурухананың хирург дәрігері (келісімі бойынша);
Батырова Есенай Абдурахманқызы	-Шардара аудандық емханасының мейірбикесі, комиссия хатшысы;

3. Қала және ауылдық округ әкімдері:

1) азаматтарды тіркеу жөніндегі комиссияның жұмыс жүргізуі үшін талаптарға сай келетін ғимараттармен қамтамасыз етсін;

2) шақыру учаскелеріне 1993 жылғы туылған азаматтарды тіркеу жөніндегі медициналық комиссияның жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырсын және әскер жасына дейінгілерді әскери есепке алуды, азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізуге көмек көрсетсін;

3) шақыру учаскелеріне тіркелу үшін аудандық, ауылдық тіркеу учаскелеріне азаматтардың шақырылғаны туралы хабардар етуге және олардың дер кезінде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ